

"2024 жылы демалыс күнін ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрық
ЖОБАСЫНА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
ҒЫЛЫМИ САРАПТАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ

I. Жалпы ережелер

Нормативтік құқықтық акт жобасының түрі және атауы

Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары "2024 жылы демалыс күнін ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрық

Заңнама саласы

020.000.000. Мемлекеттік және қоғамдық құрылыс туралы заңнама

Нормативтік құқықтық акт жобасының мақсаты және құрылымы

Құқықтық нормаларды тағайындау, өзгерту немесе күшін жою. Актінің құрылымы оның ішкі мазмұнымен шарттастырылған.

Жобаның әзірлеушісі

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу үшін ұсынылған құжаттар

Ілеспе хат, жоба, анықтама

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманың мәні және мақсаттары

Нормативтік құқықтық актілерді олардағы сыбайлас жемқорлыққа бейім нормаларды анықтау мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама қорытындысын шығарумен зерттеу

Нормативтік құқықтық акт жобасының түскен күні

12-04-2024

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманың аяқталу күні

22.04.2024

Сараптаманы өткізген сарапшылар туралы мәліметтер

ЖАКСЕЛЕКОВА САУЛЕ ШАЙМАРДАНОВНА
АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

II. Жобаны ілгерілету процесінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау

2.1 НҚА жобасымен реттелетін қоғамдық қатынастар саласындағы әзірлеуші органның құзыретінің болуы

1-САРАПШЫ АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптамаға «2024 жылы демалыс күнін ауыстыру туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бұйрығының жобасы (бұдан әрі – НҚА жобасы) ұсынылды.

Әзірлеуші органның НҚА жобасын әзірлеу және ілгерілету үшін жеткілікті құзыреті бар.

2.2 НҚА жобасын ілгерілетуде шешімдерді қабылдау процесіндегі айқындық талаптарын сақтау

1-САРАПШЫ АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

Сараптама жүргізу күніне (2024 жылғы 15 сәуір) «Ашық НҚА» интернет-порталында (<https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=15013006>) НҚА жобасы түсіндірме жазбасыз орналастырылды, бұл ретте әзірлеушінің сайтында НҚА жобасы ақпараттық хабарламамен бірге орналастырылды.

Осыған байланысты, НҚА жобасын ілгерілету кезінде әзірлеуші ашықтық талаптарын сақтады деп санаймын.

2.3 Жобаның ұсынылған және нақты мақсаты

1-САРАПШЫ АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

Анықтамаға сәйкес НҚА жобасы жұмыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында әзірленген.

НҚА жобасын талдау НҚА жобасын ілгерілетудің нақты және мәлімделген мақсаттарының сәйкес келетіндігін көрсетеді.

2.4 НҚА жобасында ілгерілетілетін көпшілік мүдде және жеке мүдделер - НҚА жобасымен байланысты жеке мүдделердің схемасы

1-САРАПШЫ АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

Әзірлеуші НҚА жобасының қоғамдық қызығушылығын нақты көрсетпеді. Алайда НҚА жобаларын заңсыз жеке мүдделермен ілгерілету мүмкін емес.

2.5 НҚА жобасының шешімдерінің негіздемесі

2.5.1 Заң жобасының тұжырымдамасындағы/түсіндірме жазбадағы

дәлелдің жеткіліктілігі (заңнамалық актінің жобасын әзірлеген жағдайда)

1-САРАПШЫ АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

Әзірлеуші НҚА жобасын ілгерілетуді Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 85 бабының 3 тармағымен негіздеді.

2.5.2 Қаржылық -экономикалық негіздеме

1-САРАПШЫ АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

НҚА жобасы мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуға немесе мемлекеттік кірістерді азайтуға әкеп соқпайтындықтан, қаржылық-экономикалық негіздеме талап етілмейді.

2.5.3 Реттеушілік әсерді талдауды өткізу

1-САРАПШЫ АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

НҚА жобасы кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жаңа реттеуші құралды немесе қатаң реттеуді енгізуге бағытталмағандықтан, реттеушілік әсерге талдау жүргізу талап етілмейді.

III. Жоба тәуекелінің факторларын жалпы талдау

3.1 НҚА жобасының тілі

1-САРАПШЫ АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

«Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл, заң терминологиясы және заң техникасы нормаларын сақтай отырып жазылады, оның ережелері өте қысқа, нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.

НҚА жобасының тілі тұтастай алғанда осы талаптарға сәйкес келеді.

3.2 Жобаның заңнамалық келісімділігі

1-САРАПШЫ АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

НҚА жобасы ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес келеді.

3.3 НҚА жобасында анықталатын лауазымды тұлғалар/мемлекеттік органдардың (жергілікті өзін өзі басқару органдарының) құзыреттілігі, өкілеттері, функциялары

1-САРАПШЫ АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

НҚА жобасы лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қосымша құзыреттерін, өкілеттіктерін, функцияларын енгізуді көздемейді.

3.4 НҚА жобасын қабылдаған жағдайда адамның құқықтарының бұзылуы түріндегі салдарлар

1-САРАПШЫ АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

НҚА жобасы адам құқықтарының тікелей бұзылуына әкелмейді.

IV. ЖОБАНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫН ТОЛЫҚ ТАЛДАУ

V. Қорытындының тұжырымы

1-САРАПШЫ АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

Сараптама жүргізу барысында НҚА жобасы жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 85-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленгені анықталды; лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қосымша құзыреттерін, өкілеттіктерін, функцияларын енгізуді көздемейді; адам құқықтарының тікелей бұзылуына әкеп соқпайды.

Осыған байланысты НҚА жобасын одан әрі ілгерілетуге ешқандай кедергі жоқ деп санаймын.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 473, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 12 шілдедегі № 135 және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 11 шілдедегі № 223 бірлескен бұйрығымен бекітілген Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу, сондай-ақ ғылыми сарапшыларды іріктеу қағидаларының 128-тармағының 3) тармақшасын негізге ала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманың қорытындысын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей үйлестірушіге келісімді немесе келіспеудің негізделген себептерін көрсете отырып хат жолдайтынын ескертемін.

2-САРАПШЫ ЖАКСЕЛЕКОВА САУЛЕ ШАЙМАРДАНОВНА

"2024 жылы демалыс күнін ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрық жобасын талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен қауіп факторларының болуына оның тазалығын көрсетті. Ұсынылған редакцияда жобаны одан әрі ілгерілету мүмкін деп санаймыз.

Қол қойылды 20-04-2024 ЖАКСЕЛЕКОВА САУЛЕ ШАЙМАРДАНОВНА

Иесінің аты-жөні: ЖАКСЕЛЕКОВА САУЛЕ

Сертификаттың әрекет ету мерзімі: 2023-05-08 16:31:02 2024-05-07 16:31:02

Сериялық нөмір 445baadc9be48a6113610e3fdd2d66a05629a8b5

Субъект: ЖАКСЕЛЕКОВА САУЛЕ

Баспагер: C=KZ,CN=ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (RSA)

Қол қойылды 16-04-2024 АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ ТУРЕМУРАТОВНА

Иесінің аты-жөні: АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ

Сертификаттың әрекет ету мерзімі: 2023-02-23 18:35:59 2024-02-23 18:35:59

Сериялық нөмір 1d2138afc0c816bc455c9a03f0ac6e97cd7d08ee

Субъект: АБДРАХМАНОВА ГАЙНЕШ

Баспагер: C=KZ,CN=ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (RSA)

Құжат тексеру үшін, сілтемені басыңыз:

<https://expertize.kz/show-pdf/25641/2>

VI. Үйлестірушінің ерекше пікірі

Үйлестірушінің жеке кабинетінде қол қойылды

